

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ ӘН 02.2012-2021 46-ның 1 беті 2 Нұсқа</p>		

«Бекітілді»
Басқарма төрағасының
19.03.2021 ж. № 136 -Н
бұйрығымен

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ҰЙЫМДАСТЫРУҒА, ӨТКІЗУГЕ
ЖӘНЕ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР**

СМЖ ӘН 02.2012-2021

Дана _____

Көшірме _____

АСТАНА 2021

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 2 из 44 Версия 2</p>		

АЛҒЫ СӨЗ

1 Жұмыс тобы сапа қызметімен бірлесіп ӘЗІРЛЕГЕН

жұмыс тобының атауы (ЖТ)

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Т.А.Ә.

2 Сапа қызметі ЕНГІЗГЕН

құжаттың жобасын бекітуге ұсынған бөлімшенің атауы

3 Басқарма Төрағасының

(құжатты бекітетін лауазымды тұлға)

19.03.2021 ж. № 136 - Н бұйрығымен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ

(бекітуші ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі)

ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

4 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Сарбасова К.А.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

- Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының директоры – Жусупова Г.К

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

- Сапа қызметінің бастығы – Алдабергенова С.С.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

- Сапа қызметінің маманы – Жагалбаева М.Т.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2026 ж.

5 ЖЫЛ

Осы құжатты «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 3 из 44 Версия 2</p>		

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативті сілтемелер	5
3 Жауапкершілік және өкілеттік	5
4 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбына қойылатын талаптар	6
5 Дипломдық жұмыстың (жобаны) жазылу тәртібіне қойылатын талаптар	7
6 Кафедра меңгерушісінің, ғылыми жетекшінің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	9
7 Студенттің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	9
8 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) құруға қойылатын талаптар	10
9 Дипломдық жұмысты (жобаларды) ресімдеу ережесі	17
10 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға ұсыну тәртібі	22
11 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі	24
12 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) сақтау тәртібі	26
13 Өзгерістер енгізу тәртібі	26
14 Сақтау, тарату	26
А Қосымшасы Мұқабаны ресімдеу үлгісі	28
Б Қосымшасы Титулдық бетті ресімдеу үлгісі	29
В Қосымшасы Дипломдық жұмыс (жоба)бойынша тапсырманың формасы	30
Г Қосымшасы Белгілер мен қысқартуларды ресімдеу үлгісі	33
Д Қосымшасы Ғылыми жетекшінің пікір білдіру формасы	34
Е Қосымшасы Шолу формасы	35
Ж Қосымшасы Рецензия беру формасы	37
И Қосымшасы Графикалық материалды ресімдеу үлгісі	40
К Қосымшасы Нормативті сілтемелерді ресімдеу үлгісі	41
Л Қосымшасы Келісу парағы	42
М Қосымшасы Танысу парағы	43
Н Қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	44

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 4 из 44 Версия 2</p>		

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы СМЖ құжатында келесі терминдер мен анықтамалар белгіленген:
Дипломдық жұмыс (жоба) – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында және мамандықтың/білім беру бағдарламасының оқу жоспарында көзделген студенттің оқытудың қорытынды кезеңінде орындайтын жазбаша бітіру жұмысы.

1.2 Әдістемелік нұсқаулық С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде (бұдан әрі - С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ.). жүзеге асырылатын кәсіптік жоғары білімді даярлау бағыттарының дипломдық жұмысын (жобасын) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейтін негізгі құжат болып табылады.

1.3 Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау мақсаттары:

- мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту және кеңейту, оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік міндеттерді, сондай-ақ мәдени мақсаттағы міндеттерді шешуде қолдану;

- өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту және дипломдық жұмысты (жобаны) орындауда туындайтын сұрақтар мен мәселелерді шешуде ғылыми зерттеу және эксперимент жүргізу әдістемесін меңгеру;

- қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайында студенттің өзіндік жұмысқа дайындығын, сондай-ақ оның кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

1.4 Дипломдық жұмыс (жоба) тиісті ғылым саласының нақты мамандығының/білім беру бағдарламасының өзекті проблемасын өз бетінше зерделеу және зерттеу нәтижелерін қорытындылауды білдіреді.

1.5 Дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындалады және келесі талаптардың біріне жауап беруі тиіс:

- ғалымдар, талдаушылар, практиктер, инженерлер, конструкторлар, менеджерлер, экономистер жүргізген зерттеулердің, жобалық шешімдердің нәтижелерін қорыту;

- зерттелетін объект бойынша ғылыми негізделген теориялық қорытындыларды қамту;

- пайдаланылуы нақты міндетті шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелерді қамтуы тиіс.

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 5 из 44 Версия 2</p>		

2 Нормативті сілтемелер

Осы әдістемелік нұсқаулықта келесі нормативті құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Заңы;

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

ҚР СТ 1.5-2013 Стандарттардың құрылуына, баяндалуына, ресімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ 1.12-2015 Мәтіндік нормативті құжаттар. Дайындалуына, баяндалуына, безендірілуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

ХС ИСО 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ХС ИСО 9001: 2005 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ҰС 01.1011-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құру, ұсыну және ресімдеу ережелері.

СМЖ ҰС 01.1014-2017 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Бөлімше туралы ережені әзірлеу, келісу және бекіту ережесі.

СМЖ ҚР 01.1006-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.

СМЖ ҚР 01.1007-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Жазбаларды сапа бойынша басқару.

3 Жауапкершілік және өкілеттік

СМЖ әзірлеу, оны келісу, бекіту, тіркеу, қолданысқа енгізу жауапкершілігі мен өкілеттігі келесідей түрде бөлінеді:

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 6 из 44 Версия 2</p>		

- ережені әзірлеу, атап айтқанда оның мазмұны, құрылымы үшін Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры (бұдан әрі - АМД), ресімдеу, бекіту және енгізу үшін сапа қызметі (бұдан әрі - СҚ) жауапты болады.

- СМЖ ӘН Басқарма төрағасының бірінші орынбасарымен, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен (бұдан әрі - АМД), заң бөлімінің бастығымен және сапа қызметінің бастығымен (бұдан әрі - СҚ) келісілуі тиіс және «Келісу парағында» (Л Қосымшасы) ресімделеді.

- СМЖ ӘН жобасының соңғы редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

- Әзірлеуші СМЖ ӘН жобасын СҚ-не тіркеуге береді, СМЖ түпнұсқасын ресімдейді, келісуші қолдарды жинайды;

- СҚ осы СМЖ ӘН-ты қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды, оны Басқарма төрағасы бекітеді.

- Бекітілген СМЖ ӘН-ты бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізгені үшін бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (М Қосымшасы) ресімделеді.

4 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбына қойылатын талаптар

4.1 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы өзекті болуы, ғылымның, техника мен мәдениеттің қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына сәйкес келуі, өзінің мазмұны бойынша 1.5 - тармақта баяндалған талаптарға жауап беруі тиіс.

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбын анықтау кезінде өндірістің, білімнің, ғылым мен мәдениеттің нақты міндеттері мен проблемаларын ескеру ұсынылады.

4.2 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары мамандық пен мамандарды даярлау бейініне сәйкес келуі тиіс.

4.3 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбын түлек шығарушы кафедра әзірлейді, оны факультет Кеңесі қарайды және бекітеді.

4.4 Дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыптарының жалпы тізбесі жыл сайын кемінде 30% - ға жаңартылуы тиіс.

4.5 Дипломдық жобаны дипломдық жұмыспен ауыстыруға факультет деканының ұсынысы бойынша Басқарма төрағасының рұқсатымен жол беріледі. Бұл ретте дипломдық жұмыс ғылыми-зерттеу сипатында болуы, сондай-ақ есептік-графикалық бөлігі болуы тиіс.

4.6 Студент бекітілген тақырыптан дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбын таңдайды.

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 7 из 44 Версия 2</p>		

Студентке бекітілген тақырып аясында қамтылмаған тақырыпта дипломдық жұмысты (жобаны) орындау құқығы беріледі. Бұл жағдайда студент кафедраға тақырыпты әзірлеудің орындылығының толық негіздемесін немесе үшінші тарап ұйымының тапсырыс берілген тақырыпты орындау туралы хатын ұсынады.

4.7 Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы студентке бітіруші курстың басында бекітіледі және С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Диплом алдындағы практика аяқталғаннан кейін диплом жұмысының (жобасының) тақырыбы қажет болған жағдайда түлек шығарушы кафедраның ұсынымы бойынша өзгертілуі, нақтылануы, түзетілуі мүмкін.

5 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу тәртібіне қойылатын талаптар

5.1 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға және қорғауға 8 кредит бөлінеді. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау процесінің өзі кәсіптік практика барысында және теориялық оқытудың соңғы кезеңінде алдын ала жүзеге асырылады.

5.2 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу үшін кафедраның ұсынысы бойынша әрбір студентке ғылыми жетекші тағайындалады.

5.3 Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) ғылыми жетекшілері болып тиісті бейіндегі оқытушылар және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандар тағайындалады.

5.4 Дипломдық жұмысқа (жобаға) берілген тапсырма бастапқы материал мен дереккөздердің сипаттамасын, студент әзірлейтін сұрақтар тізбесін, ұсынылған әдебиеттер тізімін, графикалық материалдар тізбесін (кестелер, диаграммалар, схемалар және т.б.), дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың толық күнтізбелік кестесін қамтиды.

Дипломдық жұмысқа арналған тапсырманы (жобаны) кафедра меңгерушісі жұмыстың аяқталу мерзімін көрсете отырып бекітеді. Дипломдық жұмысқа (жобаға) тапсырма дипломдық жұмысқа (жобаға) тігіледі.

5.5 Жұмыстың күнтізбелік кестесі жеке бөлімдердің орындалу кезегін көрсете отырып, бүкіл кезеңге жасалады және ғылыми жетекшімен келісіледі.

5.6 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің ұсынысы бойынша қажет болған жағдайда кафедра ғылыми жетекшілікке бөлінген уақыт есебінен дипломдық жұмыстың (жобаның) жекелеген бөлімдері бойынша кеңес берушілерді шақыра алады.

5.7 Кеңес берушілер болып, ЖОО профессорлары, доценттері, оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері, сондай-ақ жоғары білікті мамандар мен басқа да

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p align="center">SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАК</p>
<p align="center">МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 8 из 44 Версия 2</p>		

ұйымдардың ғылыми қызметкерлері тағайындалуы мүмкін. Кеңес берушілер студент орындаған жұмыстың тиісті бөлімдерін тексеріп, оған қол қояды.

5.8 Түлек шығарушы кафедралар дипломдық жұмысты (жобаны) орындауды бастағанға дейін студенттерді мамандықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес дипломдық жұмысқа (жобаға) қойылатын талаптар белгіленетін әдістемелік нұсқауларды әзірлеуі және қамтамасыз етуі тиіс.

5.9 Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты (жобаны) орындау бойынша студенттің мерзімді есебінің уақытын белгілейді. Осы мерзімде студент ғылыми жетекшіге және кафедра меңгерушісіне есеп береді, олар дипломдық жұмыстың (жобаның) дайындық дәрежесін белгілейді және бұл туралы факультет деканына хабарлайды.

5.10 Дипломдық жұмыс (жоба) мамандық бойынша әдебиетті (оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, мерзімді әдебиеттер, университет сайтындағы қолжетімді кітапханалық электрондық ресурстар («РУНЭБ», «Лань», «РМЭБ», «THOMSON REUTERS», «Elsevier» және т.б.), лекциялық курстарды терең оқу негізінде орындалады, оның ішінде шет тілдерінде, нормативтік әдебиеттерде және т.б. Бұл ретте пайдаланылған әдебиеттер тізімінде сайтқа сілтемелер болуы тиіс және дереккөздердің таңдап алынған санының кемінде 30% - ын құрауы тиіс.

5.11 Әрбір дипломдық жұмыста (жобада) тапсырмаға сәйкес жекелеген перспективалық теориялық немесе практикалық сұрақтардың әзірлемесі болуы тиіс.

Мысалы, инженерлік мамандықтардың дипломдық жобаларында (жұмыстарында) негізгі тақырыптан басқа технология, өндірісті автоматтандыру және кешенді механикаландыру, стандарттау, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен өндірісті басқару және т.б. мәселелері қамтылуы тиіс. Әрбір жобаның сәйкесті экономикалық негіздемесі, сондай-ақ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік экология мәселелеріне арналған бөлімдері болуы тиіс.

5.12 Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі мәтіні шығармашылық ойды, пайдаланылатын зерттеу әдістерінің негіздемесін, есептеудің қабылданған әдістерін және компьютерлік технологияны қолдана отырып орындалатын есептердің өзін, жүргізілген эксперименттердің сипаттамасын, олардың талдауы мен тұжырымдарын, нұсқалардың техникалық-экономикалық салыстыруын ашуға және қажет болған жағдайда иллюстрациялармен, графиктермен, эскиздермен диаграммалар, схемалармен және т. б. сүйемелденуі тиіс.

5.13 Дипломдық жоба (жұмыс) бойынша жұмысты студент ЖОО-да, сондай-ақ кәсіпорында, ұйымда, ғылыми, жобалау-конструкторлық және басқа да ұйымдарда орындай алады.

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 9 из 44 Версия 2</p>		

6 Кафедра меңгерушісінің, ғылыми жетекшінің құқықтары, жауапкершілігі мен міндеттері

6.1 Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын уақтылы бекітуге, ғылыми жетекшілерді, рецензенттерді тағайындауға, сондай-ақ дипломдық жұмыстарды (жобаларды) алдын ала қорғау және қорғау процесін ұйымдастыруға жауапты болады.

6.2 Кафедра меңгерушісі ғылыми жетекшімен келісе отырып, студентті қорғауға жібермеу туралы мәселені кафедраның қарауына шығаруға құқылы.

6.3 ДЖ/ДЖ басшысы:

- дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін тапсырма береді;
- студентке дипломдық жұмысты (жобаны) орындаудың барлық кезеңінде жұмыстың күнтізбелік кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді;
- студентке қажетті негізгі әдебиеттерді, университет сайтында қолжетімді электронды мәліметтер базасын, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік жобаларды және тақырып бойынша басқа да дереккөздерді ұсынады;
- кеңес беру кестесін белгілейді, оны жүргізу кезінде студенттің дипломдық жұмысты орындауда күнтізбелік кестені сақтауына ағымдағы бақылауды жүзеге асырады;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және диплом алушы мен кеңес берушілердің жұмысын үйлестіреді.

7 Студенттің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

7.1 Студенттің құқығы бар:

- ғылыми жетекшімен келісім бойынша ғылыми жетекшіні және дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын таңдауға;
- ДЖ (ДЖ) қорғау кестесі бекітілгенге дейін ДЖ (ДЖ) қорғау уақытын таңдауға;
- егер бірінші тексеруден кейін дипломдық жұмыс (жоба) түпнұсқалық шекті мәннен төмен болған жағдайда, апелляциялық комиссияға өтініш беруге құқығы бар.

7.2 Студенттің ДЖ (ДЖ) қорғау кестесін бекіткеннен кейін ДЖ (ДЖ) қорғау мерзімін ауыстыруға құқығы жоқ.

7.3 Студент міндетті:

- осы Нұсқаулықтың 8-бөлімінің талаптарына сәйкес ДЖ (ДЖ) барлық бөлімдерін сапалы және уақтылы орындауға;
- белгіленген мерзімде ғылыми жетекшіге ДЖ (ДЖ) орындау жөніндегі

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 10 из 44 Версия 2</p>		

есепті тұрақты түрде ұсынуға.

7.4 Студент жауапты:

- ДЖ (ДЖ) бойынша қабылданған шешімдер мен ұсынылған деректердің дұрыстығына;

- дипломдық жобаны (жұмысты) уақтылы және сапалы орындауға.

8 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) құруға қойылатын талаптар

8.1 Өзінің мазмұны бойынша дипломдық жұмыс (жоба) қолжазба түрінде ЖОО-ның соңғы курс студенті өз бетінше дайындаған ғылыми-зерттеу жұмысы (жобалық шешім) болып табылады.

8.2 Дипломдық жұмыстың (жобаның) көлемі мамандықтың /білім беру бағдарламасының ерекшелігін ескере отырып анықталады және академиялық сапа жөніндегі Кеңесте бекітіледі.

8.3 Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементтері:

- мұқаба;
- титулдық бет;
- дипломдық жұмысты (жобаны) орындау бойынша тапсырма;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- тұжырым (қорытынды);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

8.3.1 Техникалық бағыттағы ДЖ (ДЖ) құрылымдық элементтері:

- мұқаба;
- титулдық бет;
- тапсырма;
- мазмұны;
- нормативті сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілеулер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- 1 негізгі бөлім;
- 2 еңбекті қорғау;
- 3 қоршаған ортаны қорғау;
- 4 экономикалық бөлім;
- қорытындылар мен ұсыныстар;

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 11 из 44 Версия 2</p>		

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

8.3.2 Биологиялық бағыттағы ДЖ (ДЖ) құрылымдық элементтері Дипломдық жоба (жұмыс) келесі құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

- мұқаба;
- титулдық бет;
- тапсырма;
- мазмұны;
- нормативті сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілеулер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- 1 негізгі бөлім;
- 2 экономикалық негіздеме;
- 3 қоршаған ортаны қорғау;
- 4 еңбекті қорғау;
- қорытындылар мен ұсыныстар;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

8.3.3 Экономикалық бағыттың ДЖ (ДЖ) құрылымдық элементтері: Дипломдық жоба (жұмыс) келесі құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

- мұқаба;
- титулдық бет;
- тапсырма;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілеулер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- тұжырым (қорытындылар мен ұсыныстар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

8.3.4 Кәсіби-педагогикалық бағыттың ДЖ (ДЖ) құрылымдық элементтері: Дипломдық жоба (жұмыс) келесі құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

- мұқаба;
- титулдық бет;
- тапсырма;

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 12 из 44 Версия 2</p>		

- мазмұны;
- кіріспе;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілеулер мен қысқартулар;
- 1 негізгі бөлім;
- 2 экономикалық негіздеме;
- 3 қоршаған ортаны қорғау;
- 4 еңбекті қорғау;
- тұжырым (қорытындылар мен ұсыныстар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

8.4 Мұқабада (мұқабаны ресімдеу үлгісі А Қосымшасында) мынадай мәліметтер келтіріледі:

- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған ұйымның атауы;
- студенттің тегі және аты-жөні;
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының атауы;
- жұмыс түрі - дипломдық жұмыс (жоба);
- мамандық шифры мен атауы;
- қала, жыл.

8.5 Титулдық парақ дипломдық жұмыстың (жобаның) бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу және іздеу үшін қажетті ақпарат көзі болып табылады (титулдық парақты ресімдеу үлгісі Б Қосымшасында).

Титулдық бетте келесі мәліметтер келтіріледі:

- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған ұйымның атауы;
- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған кафедраның атауы;
- шектеу грифі (қажет болған жағдайда);
- кафедрa меңгерушісінің бекітуші қолы;
- жұмыс түрі – дипломдық жұмыс (жоба);
- «тақырыбында» көрсетілген дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының атауы;
- мамандықтың / білім беру бағдарламасының шифры мен атауы;
- сол жақта – «орындады» деген сөз, оң жақта қарама-қарсы студенттің тегі мен аты-жөні көрсетіледі;
- төмендегі жолда «ғылыми жетекші» деп жазылады және жетекшінің ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, басқа да регалиялары көрсетіледі;
- қала, жыл.

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 13 из 44 Версия 2</p>		

8.6 Ғылыми жетекші тапсырманы (міндетті элемент) студентке диплом алдындағы немесе өндірістік тәжірибеге шығар алдында береді, титулдық парақтан кейін ДЖ (ДЖ) -ға тігіледі. (Тапсырма формасы В Қосымшасында келтірілген).

8.7 Дипломдық жұмыстың (жобаның) мазмұны кіріспеден, реттік нөмірлерден және барлық бөлімдердің, кіші бөлімдердің атауларынан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және дипломдық жұмыстың (жобаның) осы элементтері басталатын беттер нөмірлері көрсетілген қосымшалардың атауларынан тұрады.

«Мазмұны» сөзі беттің ортасында бас әріппен жазылады және қою шрифтпен ерекшеленеді.

8.8. Кіріспеде дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының өзектілігінің негіздемесі, теориялық және практикалық маңыздылығы қамтылуға, сондай-ақ дипломдық зерттеудің мақсаты, міндеттері, объектісі мен пәні, дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың әдіснамалық негізі мен практикалық базасы болуы тиіс.

Дипломдық жобаның (жұмыстың) «Мазмұны» және «Кіріспе» жаңа беттен бастап орналастырылады және екінші беттен бастап араб цифрларымен нөмірленеді.

8.9 Нормативті сілтемелер (ұсынылатын элемент)

«Нормативті сілтемелер» құрылымдық элементі дипломдық жобаның (жұмыстың) мәтінінде сілтеме берілген нормативті құжаттардың тізбесін қамтиды.

Сілтемелік құжаттар тізімі төмендегідей сөздерден басталуы керек:

«Осы дипломдық жобада келесі нормативті құжаттарға сілтемелер пайдаланылды...» немесе «Осы дипломдық жобада келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:...», егер дипломдық жобада тек стандарттарға сілтемелер болса.

Тізбеге нормативті құжаттардың белгілері мен атаулары белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен келесідей ретпен енгізіледі:

- мемлекеттік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары;

- мемлекетаралық стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері;

- Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген халықаралық, өңірлік стандарттар және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, шет елдердің ұлттық стандарттары;

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАК</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 14 из 44 Версия 2</p>		

- техникалық шарттар.

Құжаттардың басқа санаттарына сілтемелер – Қазақстан Республикасының заңдары, техникалық регламенттер (заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық актілер, ведомстволық нормативтік құжаттар - санитариялық, ветеринариялық, құрылыс, өрт нормалары мен ережелері және т.б.), ДЖ (ДЖ) - қа/ға тікелей немесе жанама түрде сілтеме жасалатын стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар. Бұл дереккөздерге сілтемелер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде келтірілген. Әдебиеттер тізімін ресімдеу «Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тапсырудың автоматты жүйесі» Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес ресімделеді.

Әдебиеттер тізімі МЕМСТ 7.0.100 - 2018 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері" сәйкес ресімделеді.

8.10 Анықтамалар (ұсынылатын элемент)

«Анықтамалар» құрылымдық элементі ДЖ (ДЖ) пайдаланылатын терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды.

Қолданыстағы заңнамалық актілерде, стандарттарда және басқа да техникалық регламенттерде келтірілген терминдер мен анықтамаларды ДЖ (ДЖ) пайдалану қажет болған кезде анықтаманың немесе терминнің соңында жақшада ол белгіленген стандарт көрсетіледі.

Анықтамалардың тізбесі: «Осы дипломдық жобада тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады» немесе «Осы дипломдық жобада ... сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады» деген сөздерден басталып, стандарттардың немесе құжаттардың белгіленуі көрсетіледі.

ДЖ (ДЖ)-та/да терминдер мен анықтамалар мәтін түрінде де, кесте түрінде де берілуі мүмкін.

8.11 Белгілер мен қысқартулар (ұсынылатын элемент)

«Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементі осы ДЖ (ДЖ) қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды.

ДЖ (ДЖ) мәтінде белгілер мен қысқартуларды жазу - олардың қажетті мағынасын ашып және түсіндірмелерін келтіру тәртібімен жүргізіледі.

Егер шартты белгілер мен қысқартулар стандарттармен анықталса, онда осы құрылымдық элементте оларға сілтеме жасалуы керек: «Осы дипломдық жобада белгіленген белгілер мен қысқартулар ...». ДЖ (ДЖ) мәтінде сілтемені (белгілеуді) бірінші атаған кезде оның толық мағынасын ашу керек, осыдан соң оның қысқартылуы немесе белгіленуі келтірілуі тиіс.

Белгілер мен қысқартулар мәтін түрінде де, кесте түрінде де берілуі мүмкін. (Белгілеулер мен қысқартуларды ресімдеу үлгісі Г қосымшасында келтірілген).

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 15 из 44 Версия 2</p>		

8.12 Негізгі бөлім (міндетті элемент)

Негізгі бөлім бірнеше бөлімнен тұруы мүмкін. Бөлімдердің нақты реттілігі мен мазмұнын ДЖ (ДЖ) тақырыбына байланысты түлек шығарушы кафедра анықтайды. Бөлімде таңдалған мәселені шешудің ұсынылған әдістерінің тиімділігін растауға мүмкіндік беретін теориялық және эксперименттік материалдың сипаттамасы берілген. Проблемаларды зерттеу деректері негізінде оларды іске асыру және практикада жүзеге асыру бойынша ұсынымдар әзірленуі мүмкін.

«Негізгі бөлімді» студент маман даярлау бағытына байланысты ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындайды. Мысалы, Стандарттау, метрология және сертификаттау Мамандығының/білім беру бағдарламаларының негізгі бөлігі үшін мыналар қамтылуы мүмкін:

- 1 әдебиетке шолу;
- 2 стандарттау;
 - 2.1 өнімнің сипаттамасы;
 - 2.1.1 өнімнің сапалық көрсеткіштері;
 - 2.1.2 өнім қауіпсіздігінің көрсеткіштері;
 - 2.2 өнімді жіктеу;
 - 2.3 өнімнің сапасын квалиметриялық бағалау;
- 3 метрологиялық қамтамасыз ету;
 - 3.1 өнім өндіруді метрологиялық қамтамасыз ету;
 - 3.2 өнімді өндіру кезіндегі бақылау және сынау;
 - 3.3 өнім өндірудің технологиялық процестерін бақылау;
- 4 сәйкестікті растау;
 - 4.1 өнімді сәйкестендіру;
 - 4.2 сәйкестікті растау схемасы;
 - 4.3 сәйкестікті растау тәсілдері;
 - 4.4 өнім өндірісін бағалау;
 - 4.5 инспекциялық бақылау;

8.13 Еңбекті қорғау

«Еңбекті қорғау» бөлімі С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасының бұйрығымен тағайындалған еңбекті қорғау жөніндегі оқытушы-кеңес берушінің жетекшілігімен орындалады. «Еңбекті қорғау» бөлімінде қауіпсіздік техникасын ұйымдастырудың жай-күйі қаралады, еңбектің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету, кәсіптік аурулардың алдын алу және зиянды факторлардың әсерін жою бойынша іс-шаралар әзірленеді. Өртке қарсы іс-шараларды әзірлеу мәселелері де қаралуы мүмкін.

8.14 Қоршаған ортаны қорғау

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 16 из 44 Версия 2</p>		

Бөлім С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ Басқарма төрағасының бұйрығымен тағайындалған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кеңес берушінің басшылығымен орындалады. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде табиғатты ұтымды пайдалануға, табиғи ресурстарды қалпына келтіруге және көбейтуге бағытталған іс-шаралар қарастырылады.

8.15 Экономикалық бөлім

Бұл бөлім С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ Басқарма төрағасының бұйрығымен тағайындалған экономикалық пәндер оқытушысының жетекшілігімен орындалады. Бөлім маманды даярлау бағытына сәйкес орындалады. Бөлім өнімді әзірлеуге жұмсалатын шығындарды есептеуді немесе ДЖ (ДЖ) әзірлемелерін пайдалану мен енгізудің экономикалық (әлеуметтік) тиімділігін есептеуді қамтуы мүмкін.

8.16 Қорытындылар мен ұсыныстар (міндетті элемент)

ДЖ (ДЖ) қорытындысында зерттелетін проблеманы шешу нәтижелері бойынша қорытындылар жасалуы тиіс:

- зерттелетін мәселені шешудің таңдалған әдісінің орындылығы;
- мәселені зерттеу барысында алынған нәтижелер;
- зерттелетін ДЖ (ДЖ) проблемасын шешу тәсілдерін іс жүзінде іске асыру және алынған өнімді қолдану мүмкіндігі;
- ДЖ (ДЖ) зерттеу нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар.

8.17 Тұжырымдар (қорытындылар) дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындыларды, қойылған міндеттер шешімдерінің толықтығын бағалауды, зерделенген зерттеу объектісі бойынша нақты ұсынымдарды қамтуы тиіс.

8.18 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі халықаралық стандарттар бойынша ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді. Әдебиеттер тізімін ресімдеу – «Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тапсырудың автоматты жүйесі» Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес болуы тиіс.

8.19 Қосымшалар (ұсынылатын элемент)

Қосымшаға негізгі бөлімде көрсетілмеген дипломдық зерттеуді орындауға байланысты материалдар кіреді.

ДЖ (ДЖ) мазмұнын толықтыратын және иллюстрациялайтын материалды қосымшаларда орналастыруға жол беріледі. Қосымшалар: графикалық материал, кестелер, үлкен форматтағы кестелер, есептеулер, сипаттамалар, алгоритмдер мен тапсырмалар бағдарламаларының сипаттамасы, мәліметтер және т. б. болуы мүмкін.

<p>Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 17 из 44 Версия 2</p>		

Қосымшалар А әрпінен басталатын орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді, Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ь, Ъ қоспағанда. «Қосымша» деген сөздің алдында оның реттілігін білдіретін әріп тұрады. Мысалы: «А Қосымшасы».

Әрбір қосымшаны беттің жоғарғы ортасында «Қосымша» сөзі мен оның белгісін көрсете отырып, жаңа беттен бастау ұсынылады. Қосымшада парақтың ортасында, мәтінге симметриялы, бас әріппен және жеке жолмен жазылған тақырып болуы керек.

Қосымшалар беттері жалпы толассыз нөмірленген болуы керек. ДЖ (ДЖ) мәтнінде барлық қосымшаларға сілтемелер болуы тиіс.

8.20 Дипломдық жұмыста (жобада) қабылданған шешімдер, барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін студент – дипломдық жұмыстың (жобаның) авторы жауапты болады.

8.21 Дипломдық жобаға дипломдық жобаның жетекшісі пікір жазады, онда студенттің ДЖ (ДЖ) орындауға қатысты мінездемесі, студенттің теориялық және практикалық дайындық деңгейі беріледі, «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелді қорытынды беріледі (Д Қосымшасы).

8.22 ДЖ-қа (ДЖ-ға) рецензияны тиісті мамандық бойынша біліктілік беру және бакалаврдың немесе маманның академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі бар осы саланың маманы береді (Д немесе Е Қосымшасы). Рецензияда мынадай мәселелер көрсетілуі тиіс: ДЖ (ДЖ) тақырыбының өзектілігі, жаңалығы (жаңа әдістерді, технологияларды қолдану және т.б.), ДЖ (ДЖ) жекелеген бөліктерін талдау және бағалау, ДЖ (ДЖ) КҚБЖ және ҚРСТ сапасы (сәйкестігі), жұмыс бойынша ескертулер, өндіріске енгізуге (практикалық пайдалануға) ұсынымдар. Жұмысты бағалау шешімі («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық»).

8.23 Ұйымның жобаны орындауға берген пікірі, рецензиясы және өтінімі (егер бар болса) мұқабаның бірінші бетінің артқы жағындағы арнайы «қалтаға» салынады. (Е және Ж қосымшалары).

9 Дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу ережесі

9.1 Дипломдық жұмыс (жоба) 1 - жол аралығы арқылы А4 форматындағы ақ қағаз парағының бір жағында компьютер мен принтерді пайдалана отырып, баспа тәсілімен орындалуы тиіс. Қалыпты Times New Roman шрифті (14 кегль).

Дипломдық жұмыстың (жобаның) мәтіні өрістердің келесі өлшемдерін сақтай отырып басылуы керек: сол жағы – 30 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, оң жағы – 10 мм және төменгі жағы – 25 мм.

<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Әдістемелік нұсқаулық Дипломдық жұмысты (жобаны) ұйымдастыруға, өткізуге және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар</p>	 <p align="center">SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p align="center">«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p align="center">МИ СМК 02.2012-2021 Стр. 18 из 44 Версия 2</p>		

Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару мақсатында әртүрлі гарнитураның шрифтерін қолдана отырып, компьютер мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

9.2 Техникалық факультеттің студенттері дипломдық жұмыстың (жобаның) есептік-түсіндірме жазбасын А4 форматында орындайды және жиектемеде ресімдейді, соның салдарынан өрістердің өлшемдері өзгереді. Осыған байланысты кадрдан мәтіннің шекарасына дейін келесі қашықтықты сақтау керек:

- жолдардың басында - кемінде 5 мм;
- жолдардың соңында - кемінде 3 мм.

9.3 Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау тәсіліне қарамастан басылған мәтіннің сапасы және ДЭЕМ-мен иллюстрацияларды, кестелерді, басып шығарылған материалдарды ресімдеуде - айқын, анық шығарылып, нақты талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

9.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау барысында табылған қате басылған жазуларды, жаңылыс жазуларды және графикалық дәлсіздіктерді тазарту немесе ақ бояумен бояу арқылы және сол жерде түзетілген мәтінді (графиканы) машинкамен басу тәсілімен немесе қолмен жазу тәсілімен (қара сиямен немесе қара тушьпен) түзетуге жол беріледі, бірақ түзетулер бір бетте 5 символдан аспауы тиіс.

9.5 Дипломдық жұмыста (жобада) аты-жөндер, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың атаулары, бұйымдардың атауы және басқа да тиісті атаулар түпнұсқа тілінде беріледі.

9.6 Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементтерінің атауы «Мазмұны», «Нормативті сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

9.7 Дипломдық жұмысты (жобаны) бөлімдер мен бөлімшелерге бөлу керек. Әр бөлім мен бөлімшеде аяқталған мәндегі ақпарат болуы керек.

Бөлімдердің атауларының жиынтығы дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын ашуға, ал кіші бөлімдердің атауларының жиынтығы тиісті бөлім мазмұнын ашуы тиіс.

9.8 Бөлімдер мен кіші бөлімдердің атаулары олардың мазмұнын нақты және қысқаша көрсетуі тиіс.

